

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Мыналар бекітілсін:

- 1) Республиканың 1999 жылға арналған мемлекеттік бюджеті параметрлерінің б о л ж а м ы (1 - қ о с ы м ш а) ;
- 2) Мемлекет бұрын қабылдаған міндеттемелер бойынша шығыстардың тізбесі (2-қ о с ы м ш а) ;
- 3) Мемлекеттік бюджеттің болжамдық шығыстарын қалыптастыратын мемлекеттік мекемелердің - бюджеттік қаражатты алушылардың тізбесі (3-қосымша).

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- 1) 1998 жылдың 5 тамызына дейін мерзімде 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік мекемелер бойынша бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесін әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын және 1998 жылдың 7 тамызына дейін бағдардамалар мен кіші бағдарламалардың бекітілген тізбесін ескере отырып мемлекеттік бюджет бойынша бюджеттік жіктеуді бекітсін;
- 2) 1998 жылдың 5 тамызына дейін мерзімде мемлекеттік бюджет шығыстарының жоғары лимиттерін белгілесін және барлық мемлекеттік мекемелерге хабарласын;
- 3) 1998 жылдың 15 тамызына дейін мерзімде 3-қосымшаға сәйкес барлық мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қаржылық ресурстармен ең аз қамтамасыз етілудің нормативтерін ескере отырып облыстардың тұрғысындағы жоғары лимиттердің шегінде, Қаржы министрлігі белгілеген нысандар бойынша және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісілген жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен қаржыландырылатын шығыстар бойынша, шығыстарға бюджеттік өтінімдерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырсын.

3. 1999 жылдан бастап республикалық бюджеттің қаражаты есебінен

ұсталатын мекемелер қызметкерлерінің санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді, ал жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мекемелердікі - облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің шешімдерімен бекітіледі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 шілдедегі
N 703 қаулысына
1-қосымша

Республиканың 1999 жылға арналған мемлекеттік бюджеті
параметрлерінің болжамы

	1999 жылға болжам млрд.теңге	ІЖӨ-ге % -пен
Салықтық түсімдер	256,4	12,2
Салықтық емес түсімдер	31,5	1,5
Жекешелендіруден түсетін кірістер	42,0	2,0
Кірістердің барлығы	329,9	15,7
Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы	-95,3	-4,5
Шығыстардың барлығы	425,2	20,2
ІЖӨ	2101,3	
нақты түрдегі ІЖӨ, %-пен желтоқсаннан		103,0
Тұтыну бағаларының индексі, %-пен		
желтоқсаннан желтоқсанға	8,2	
жыл бойынша орташа алғанда	8,9	
Айлық есептік көрсеткіш, теңгемен		
жылдың аяғына	720,0	
жыл бойынша орташа алғанда	702,5	
Теңгенің АҚШ долларына бағамы		
жылдың аяғына	84,4	
жыл бойынша орташа алғанда	82,0	

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 шілдедегі

№ 703 қаулысына

2-қосымша

Мемлекет бұрын қабылдаған міндеттемелер бойынша
шығыстардың тізбесі

№ р/с	Атауы
1	Бюджеттен төленетін міндетті төлемдер: мемлекеттік міндеттемелерге байланысты; Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүшелігіне байланысты; Үкімет кепілдік берген борыш.
2	Үкіметтің жаңа бағдарламаларын орындауға бағытталатын қаражат
3	Қолданылып жүрген келісімдер бойынша инвестициялық жобаларға бағытталатын қаражат
4	Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа трансферттер
5	Кезек күттірмейтін мұқтаждар
6	Соттың шешімдерін орындауға бағытталған қаражат
7	Жалақы, әлеуметтік сақтандыру жарналары және әлеуметтік жәрдемақылар бойынша жинақталған кредиторлық берешектерді өтеуге бағытталған қаражат

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 25 шілдедегі

№ 703 қаулысына

3-қосымша

Мемлекеттік бюджеттің шығыстарын қалыптастыратын мемлекеттік
мекемелердің - бюджеттік қаражатты алушылардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы
3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі
4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты
5. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

6. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
7. Республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жасау жөніндегі есеп комитеті
8. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
9. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
10. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы
11. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
12. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
13. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
14. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
15. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
16. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
17. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
18. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі
19. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
20. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
21. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті
22. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті
23. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- 24.

25. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі
26. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі
27. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі
28. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігі
29. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу

және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті
30. Ұлттық ғылыми-техникалық орталық

31. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы

32. Республикалық ұлан

33. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі

34. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

35. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы

36. Ақмола облысының әкімі

37. Ақтөбе облысының әкімі

38. Алматы облысының әкімі

39. Атырау облысының әкімі

40. Шығыс Қазақстан облысының әкімі

41. Жамбыл облысының әкімі

42. Батыс Қазақстан облысының әкімі

43. Қарағанды облысының әкімі

44. Қызылорда облысының әкімі

45. Қостанай облысының әкімі

46. Маңғыстау облысының әкімі

47. Павлодар облысының әкімі

48. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

49. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі

50. Алматы қаласының әкімі

51. Астана қаласының әкімі

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.10.08. N 1017 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК